

БАЯНДАМА:

Қазақстанның 1937-1938 жылдардағы репрессияның
саяси және әлеуметтік зардаптары

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН – СҮРГІН ЗАРДАПТАРЫ

Еліміздің орталық және жергілікті мұрағаттарында сақталған Кеңес өкіметінің террорлық саясатының біртіндеп көлемді саяси репрессияларға айналғаны туралы деректерді талдау көп мәселені шешеді, ғылыми айналымға жана материалдарды қосады. Мемлекеттік мұрағаттар қорларында 1917-1956 жылдар аралығындағы Отан тарихына байланысты материалдар көп кездеседі. Бұл мұрағаттық деректердің бәрі бірдей ғылыми айналымға еніп болған жоқ, сақтау қоймаларында өз зерттеушілерін күтуде.

Осының барлығы кеңестік саяси репрессиялар тарихына байланысты деректермен жұмыс істеу қажеттілігін тудырады. Әсіресе деректерді кешенді түрде зерттеу көп нәтижелерге әкеледі. Кеңес өкіметі кезінде шектеу қойылған және жойылған деректерге деректанулық ішкі және сыртқы сын жүргізу Отан тарихының көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады. Ал мұрағаттық құжаттарды талдау жұмысы жана қадамдар жасауға мүмкіндік береді. Материалдардың анықталып, дерек көзі ретінде талдануы тарихи үдерістерді ашуға да көмектеседі. Зерттеуге күннен - күнге жаңарып жатқан деректанудың іргелі теориялық - методологиялық мәселелерін қолданыла аламыз.

Қазақ халқының ұлт зиялыларын жою науқаны, Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы ақпан-наурыз Пленумында Сталиннің сөйлеген сөзінен кейін басталды. Өйткені сол жиында Сталин «Партия жұмысындағы кемшіліктер және троцкийшілдер мен өзге де екіжүзділерді жою шаралары туралы» баяндама жасаған еді[1]. Міне, осыдан кейін социалистік жүйеде қала отырып қазақтың көсегесін көгертуге бүкіл күшін салып жүрген саясаткерлерге Кеңестік биліктің қанды шеңгелі іліне бастады. 1937 жылғы «қызыл террор» туралы зерттеулерімен танымал және «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының бірінші орынбасары Бейбіт Қойшыбаев мұның қалай іске асырылғанын былай деп баяндайды: «Жаз айларында астанадағы лауазымды азаматтар қамауға алына бастады. Шілдеде республика прокуроры Сүлеймен Есқараев ұсталды. Тамыздың басында ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов, одан сәл кейін Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов тұтқынға алынды. Ұзамай егіншілік, қаржы, денсаулық сақтау халық комиссарлары Нығметолла Сырғабеков, Ілияс Молдажанов, Хасен Нұрмұхамедов, Алматы облыстық және қалалық партия комитеттерінің бірінші хатшысы Жанайдар Садуақасов, Халкомкеңестің көркемөнер істері жөніндегі басқарма бастығы Ғаббас Тоғжанов ұсталды. Облыстардағы басшылар да бірінен соң бірі қамалып жатты.

Ғалымдар Санжар Асфендиаров, Құдайберген Жұбанов, Қоңырқожа Қожықов абақтыға әкетілді. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды кеңесшіл ақын-жазушылар да түрме төрінен орын алды. Саяси репрессияның 30-жылдар басындағы алғашқы толқынында сотталып, жазасын өтеп қайтқан Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев секілді «алашшыл» ғалымдар мен қаламгерлер де бұрындары бір байланған шаладан құтылмай, сол ескі жаламен қайта тұтқындалды.

Мәскеу түрмелеріне Ресей халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов, Бүкілресей Орталық Атқару Комитеті ұлттар бөлімінің меңгерушісі Нығмет Нұрмақов, Сауд Арабиясындағы елшілік қызметтен шақырып алынып, КСРО Ұлттар кеңесі жанындағы Тіл және жазу жөніндегі орталық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері боп жүрген Нәзір Төреқұлов, бұрынғы Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Жаһаншаһ Досмұхамедов, Кеңестік бақылау комитеті уәкілінің Өзбекстандағы орынбасары Сұлтанбек Қожанов, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Левон Мирзоян, екінші хатшысы Садық Нұрпейісов тоғытылды»[1, 58 б].

Келтірілген есімдерден де байқалғанындай осы қызыл науқанда тек 1917-1918 жылдары Большевиктерге қарсы күрес жүргізіп, ұлттық мемлекет құруға күш жұмсаған Алашорда қайраткерлері қана емес, сол кездің өзінде Ленинге сенген және Кеңестік биліктің елде орнауына жан тәнімен көмектескен қазақ социалистері де атылып кетті. Өйткені Мәскеуге шынайы коммунисттер емес, өздеріне ойланбастан бағынып, айтқандарын бұлжытпай орындайтын мәнгүрттер керек еді.

Ғалымдар қызыл террор кезінде бүкіл Кеңес Одағы бойынша 1 миллион 710 мыңнан астам саясаткердің айыпталып қамалғанын және олардан 725 мыңдай адамның атылғанын келтіреді. Ал олардың ішінде Қазақстаннан 103 мың адам қуғынға ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілген[2, 79 б].

Сталин бір жылдан кейін қызыл науқанның тым шектен шығып кеткенін байқап қалса керек. Ол, 1938 жылы күзде бұл науқанды тоқтатады. 1938 жылы қазан айында НКВД-нің жанындағы Ерекше Кеңестен басқа сотсыз үкім шығаратын органның бәрі таратылды. 25 қазанда НКВД-нің басшысы Ежов орнынан түсіріліп, орнына Берия тағайындалды. Дегенмен мұнымен қазақ қоғам және мемлекет қайраткерлеріне қарсы қуғын-сүргін жазалары тоқтаған жоқ. Ғалымдардың Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің деректеріне негізделе отырып атап өтуінше, ұлт жанашырларына «халық жаулары» деп жалған айып тағып ату Алматыда 1946 жылға дейін жүргізілген [3, 92 б].

Сталин ішкі және сыртқы қауіпті сезініп, ауыр өнеркәсіп пен жедел индустрияландыруды дамыту арқылы қорғанысты нығайтуға ұмтылды. Есебі жоқ адам шығыны оны ойландырмады. Зерттеушілер дәлелдегендей социалистік құрылыс жаппай жазалау, қудалау саясатымен нығайтылды. Сотталғандардың еңбегі тегін пайдаланылды. Ірі – ірі құрылыс объектілері жазықсыз жандардың көз жасымен салынды. Ең сұмдығы адамдар «халық жауын» әшкерелеуге деген ұмтылыспен тәрбиеленіп, репрессиялық сана нормаға айнала бастады. Бірақ сонда да адамдар адами құндылықтардан айырылмады[4, 121 б]. Сонымен саяси қуғын – сүргін салдарынан ұлттың рухы тұншықтырылды. Әсіресе, отбасы бірлігіне қарсы бағытталған саясаттың астарында үлкен мән жатты. Ол ұлттың тектілік келбетін жою болатын-ды. Әрбір ұлттың ғасырлар қойнауынан келе жатқан ұлттық құндылықтарын қасақана жою арқылы тамырсыз адамдарды (өзіндік көзқарасы, ұстанымы болмайтын жандар) қалыптастыру саясаты қарқынды жүрді. Нәтижесінде тап күресі деген адам ақылына сыймайтын ұғым өмірге енгізілді.

Осы мәселені де тереңнен зерделеуіміз керек. Өйткені, қазақ қоғамының өзіндік өмір сүру салтына сай қалыптасқан әлеуметтік құрылымы большевиктер саясатына мүлдем сай келмеді. Нәтижесінде таптық көзқарастар қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымын, түйіндеп айтқанда адами құндылықтар жүйесін бұзды. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сынды көптеген Алаш зиялылары тап күресінің қазақ ұлтының өмір сүруіне зор қауіп төндіретіндігін дәлелдеді де. Тіпті, Алаш зиялылары қазақ қоғамында тап күресінің болмағандығын, оның тамырын жаймау себептерін ғылыми тұрғыдан зерделеді де. Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық тәртіп ұлттық құндылықтарды жою саясатымен қаруланғандықтан, өзіне қарсы келгендерді (отбасы мүшелерімен, туған-туыстарымен қоса) саяси қуғын-сүргінге ұшыратты.

Саяси қуғын – сүргін салдарынан конформизм, бюрократизм, жағымпаздану секілді көптеген адами дамуға кереғар теріс түсініктер өмірден орын алып, тамырын тереңге жайды. Алаш зиялыларының «большевиктер ылаңы көпке кетер, биліктен кеткенше талайды былғап кетер», - деген мазмұндағы даналығының ақиқатына біз куә болып отырмыз[5]. Осылайша қазақ халқы өзінің ата жұртында отырып өз ана тілінен, ұлттық ерекшелігінен, өз мемлекеттігін сезінуден айырмақшы болған қауіпті қара сызықты алғаш рет аттаған еді. Демек, зерттеу аралығында Қазақстан интеллигенцияларының арасында қазақ интеллигенциясының саны мен құрамындағы өзгерістер байқалды.

- [1] Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол // Егемен Қазақстан. 1992 жылдың 22 маусымы
- [2] Тәтімов М. Парыз және парасат // Лениншіл жас. 1988 жылдың 1 қазаны
- [3] Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20–40 жылдарындағы ұлт зиялылары.- Павлодар. 2008.- б.167.
- [4] Қойгелдиев М. Жалпыхалықтық қасіретті естен шығару қоғамның өзі үшін де қауіпті // Алаш айнасы.- №92. - 31 мамыр, 2017 жыл.
- [5] Асылбек М., Асылбекова Ж. Құпия санақ болып есептелген 1939 жылғы Қазақстан халқы туралы мәліметтер не дейді? <http://www.egeme.kz>.